



18/1-76 29.05.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Сейтжанова Ж.С.
2026 ж.

ТӘУЕКЕЛДЕР ДӘРЕЖЕСІН ТАЛДАУ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 499-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Екінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тәуекелдер бойынша талдаушы		Е 499-2026
Тәуекелдер дәрежесін талдау ереже		2-ші басылым 12 беттің 2 беті

**1 «ОҚМА» АҚ «Тәуекелдер бойынша талдаушы» ӘЗІРЛЕП,
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.**

2 «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Кезеңдік тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тәуекелдер бойынша талдаушы		Е 499-2026
Тәуекелдер дәрежесін талдау ереже		2-ші басылым 12 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	5
3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.	5
4. ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	6
5. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	7
6. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ	8
7. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ	8
8. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	9
9. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН БАЙЛАНЫСУ РЕТТІЛІГІ	10

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тәуекелдер бойынша талдаушы	Е 499-2026	
Тәуекелдер дәрежесін талдау ереже	2-ші басылым	
	12 беттің 4 беті	

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- ҚР Конституциясы, 30.08.1995 ж.;
- Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылғы 27 шілде, № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);
- ҚР Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілері;
- ҚР «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде білім беру жүйесінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парақтарын бекіту туралы» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы Бірлескен №116 бұйрығы;
- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 18 бұйрығы;
- АҚ «ОҚМА» Академиялық саясаты;
- Қазақстан Республикасының Заңы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: 2015 жылғы 18 қараша, № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 2015 жылғы 23 қарашада бек., №414- V ҚРЗ;
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарды басқару;
- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 008-2024. Сапа саласында тәуекелдерді басқару;
- СТ 012-2025. Профессор-оқытушылар құрамының, әкімшілік-басқару персоналының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- СТ 023-2024 «ОҚМА» АҚ-ның білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету стандарттары»;
- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;
- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Тәуекелдер бойынша талдаушы	Е 499-2026
Тәуекелдер дәрежесін талдау ереже	2-ші басылым 12 беттің 5 беті

2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚARTУЛАР

Осы құжатта келесідей терминдер, анықтамалар, түсіндірмелер мен қысқартулар қолданылды:

Академиялық адалдық - бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;

- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы;
- жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілеті.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

ҚР – Қазақстан Республикасы;
ҒЖБМ - Ғылым және жоғары білім министрлігі;
«ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы;

ЖББП - Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы;

ПОҚ - Профессорлық-оқытушылар құрам;

ЛН - лауазымдық нұсқаулық;

МЖМБС - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Тәуекелдер бойынша талдаушы ректордың бұйрығымен «ОҚМА» АҚ тағайындалады және атқаратын қызметінен босатылады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тәуекелдер бойынша талдаушы	Е 499-2026	
Тәуекелдер дәрежесін талдау ереже	2-ші басылым	
	12 беттің 6 беті	

3.2 Тәуекелдер бойынша талдаушы «ОҚМА» АҚ ректорына тікелей бағынады және ректордың тапсырмаларын орындайды.


3.3 Тәуекелдер бойынша талдаушының негізгі міндеті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне және біліктілік талаптарына сәйкес «ОҚМА» АҚ-ның білім беру қызметі барысында туындайтын тәуекелдерге талдау жүргізу және талаптардың бұзылуына жол бермеу іс шараларын ұйымдастыру. «ОҚМА» АҚ-ның қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін сыртқы факторларды қадағалау. Бағалау критерийлеріне сәйкес «ОҚМА» АҚ мәліметтерін «Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізуді үйлестіру және ұйымдастыру. Тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша «ОҚМА» АҚ қызметкерлеріне әдіснамалық және консультациялық қолдау көрсетуді (қажет болған жағдайда) қамтамасыз ету.

3.4 Өз қызметінде «ОҚМА» АҚ тәуекелдер бойынша талдаушы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін («Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде білім беру жүйесінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парақтарын бекіту туралы» ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы Бірлескен бұйрығы № 116; «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР ҒЖБМ 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР ҒЖБМ 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 18 бұйрығы және т.б.); Тәуекелдерді басқару жүйесіне бағалау критерийлерінің тізбесіне сәйкес Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдарының мәліметтерін беру процесін автоматтандыру жөніндегі Нұсқаулығын, «ОҚМА» АҚ ішкі ережелері мен жарғысын, Сапа менеджменті жүйесінің ішкі нормативтік құжаттарын; осы Ережені басшылыққа алады.

3.5 Тәуекелдер бойынша талдаушы болмаған кезде белгіленген тәртіппен міндетін атқарушы қызметкер тағайындалады, тиісінше оған талдаушының міндеттерін атқару жүктеледі.

4. ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Ұйымдастырылу құрылымы келесі сызбада көрсетілген



ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Тәуекелдер бойынша талдаушы	Е 499-2026
Тәуекелдер дәрежесін талдау ереже	2-ші басылым 12 беттің 7 беті

- тәуекелдер бойынша талдаушының ұйымдастырылу құрылымы бойынша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне және біліктілік талаптарына сәйкес «ОҚМА» АҚ-ның білім беру қызметі барысында «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімдерінде туындайтын тәуекелдерге талдау жүргізеді және талаптардың бұзылуына жол бермеу іс шараларын ұйымдастырады;

- «ОҚМА» АҚ-ның жарғысымен, білім және азаматтардың денсаулығын қорғау аумағындағы құқықтық нормативтік актілерімен, еңбек нұсқаулығы бойынша көрсетілген ережелеріне сәйкес өз жұмысын жүргізеді;

- тәуекелдер бойынша талдаушы тікелей «ОҚМА» АҚ ректорына бағынады және талдау жұмыстарының нәтижелерін академияның алқалы органдарының мәжілістерінде баяндайды;

- тәуекелдер бойынша талдаушы құрылымы мен штаты өндірістік қажеттілікке байланысты анықталады.

5. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Тәуекелдер бойынша талдаушының негізгі іс әрекетінің мақсаты «ОҚМА» АҚ-ның білім беру қызметі саласында туындайтын тәуекелдерді анықтау және бағалау.

Тәуекелдер бойынша талдаушының негізгі міндеті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне және біліктілік талаптарына сәйкес «ОҚМА» АҚ-ның білім беру қызметі барысында туындайтын тәуекелдерге талдау жүргізу және талаптардың бұзылуына жол бермеу іс шараларын ұйымдастыру. «ОҚМА» АҚ-ның қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін сыртқы факторларды қадағалау. Бағалау критерийлеріне сәйкес «ОҚМА» АҚ мәліметтерін «Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы» (ЖББП) автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне мерзімінде енгізуді үйлестіру және ұйымдастыру. Тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша «ОҚМА» АҚ қызметкерлеріне әдіснамалық және консультациялық қолдау көрсетуді (қажет болған жағдайда) қамтамасыз ету жатады.

«ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және осы қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді пайдалануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз және этикалық жауапты пайдалану қағидаларын сақтауға міндетті.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тәуекелдер бойынша талдаушы	Е 499-2026	
Тәуекелдер дәрежесін талдау ереже	2-ші басылым	
	12 беттің 8 беті	

6. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Талдаушының негізгі қызметтері:

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне және біліктілік талаптарына сәйкес «ОҚМА» АҚ-ның білім беру қызметі барысында туындайтын тәуекелдерді анықтау және талдау жұмыстарын жүргізу;
- «ОҚМА» АҚ-ның барлық құрылымдық бөлімдерінде білім беру қызметі саласында біліктілік талаптары бойынша анықталаған сәйкессіздіктерді болдырмауды алдын ала ескерту;
- профилактикалық бақылау жүргізу үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде ҚР заңнамасының сақталуына қойылатын талаптардың бұзушылық дәрежесін айқындау;
- біліктілік талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізу үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде ҚР заңнамасының сақталуына қойылатын талаптардың тәуекел дәрежесін анықтау.
- тәуекелдерді бағалау өлшемшарттарына сәйкес «ОҚМА» АҚ-ның мәліметтерін «Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізуді ұйымдастыру және үйлестіру;
- «ОҚМА» АҚ-ның білім беру қызмет саласындағы тәуекел дәрежелеріне байланысты қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын төмендетуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне қатысу және ұсыныстар беру.

7. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Тәуекелдер бойынша талдаушы келесілерге құқылы:

- «ОҚМА» АҚ басшылығының алдына тәуекел дәрежесін айқындау және болдырмау іс әрекеттерін жүргізу қажеттілігі туралы мәселе қоюға;
- «ОҚМА» АҚ-да тәуекел дәрежесін бағалау және басқару процестерін жетілдіру бойынша ұсыныстар беруге;
- басшылықтың тапсырмасы немесе жеке өзінің құзыреті аясында құрылымдық бөлімдерден және қызметкерлерден лауазымдық міндетін орындау үшін қажетті растайтын құжаттары бар ақпараттар мен мәліметтерді сұратуға;
- құрылымдық бөлімдерінде біліктілік және профилактикалық бақылау талаптарына сәйкестігін талдау барысында анықталған сәйкессіздіктер бойынша акт толтыруға (акт толтыру үлгісі А қосымшасында көрсетілген);

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Тәуекелдер бойынша талдаушы	Е 499-2026
Тәуекелдер дәрежесін талдау ереже	2-ші басылым 12 беттің 9 беті

- құрылымдық бөлімдердің білім беру қызметтерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін талдау барысында анықталған тәуекелдерді болдырмау іс әрекеттерінің жоспарын талап етуге;

- «ОҚМА» АҚ-ның білім беру қызметі саласындағы тәуекел дәрежелеріне қатысты өзекті мәселелерді талқыға салу үшін «ОҚМА» АҚ ректорат мәжілісіне және Ғылыми кеңеске қатысуға;

- тәуекелдер дәрежесі көрсеткіштеріне қатысты мәселелерді қозғайтын басшылықтың шешімдерімен танысуға;

- қызметкер басшылықтан Ережеде көрсетілген міндеттерін орындау мақсатында қажетті ұйымдастыру мен техникалық жағдайлармен қамтамасыз етуді сұратуға;

- тәуекел-менеджмент саласындағы кәсіби біліктілік деңгейін арттыруды талап етуге.

8. ЖАУАПКЕРШІЛІК

8.1. Тәуекелдер бойынша талдаушының негізгі жауапкершілігіне кіреді:

- ережеде көзделген қызметтерді сапалы және уақтылы орындау;
 - талдау барысында анықталған тәуекелдерді құрылымдық бөлімдердің жетекшілеріне ескерту және басшылыққа дер кезінде жеткізу;

- тәуекелдерді бағалау өлшемшарттарына сәйкес «ОҚМА» АҚ-ның мәліметтерін "Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы" автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне мерзіміне сәйкес енгізуді ұйымдастыру және қадағалау;

8.2. Ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттарының талаптарын жауапкершілікпен орындау.

8.3. Талдаушы жасанды интеллект құралдарын пайдалану барысында алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, осы технологияларды қолдану арқылы әзірленген барлық қорытынды шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

8.4. Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс әрекет ретінде қарастырылады.

9. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН БАЙЛАНЫСУ РЕТТІЛІГІ

9.1 Тәуекелдер бойынша талдаушы қызметтік қарым-қатынастары «ОҚМА» АҚ-ның барлық құрылымдық бөлімдермен білім беру қызметі

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тәуекелдер бойынша талдаушы		Е 499-2026
Тәуекелдер дәрежесін талдау ереже		2-ші басылым 12 беттің 10 беті

саласында біліктілік талаптары бойынша сәйкессіздіктерді бағалаумен және қадағалаумен анықталады.

9.2 Тәуекелдер бойынша талдаушының құрылымдық бөлімдермен байланысу реті профилактикалық бақылау жүргізу үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде ҚР заңнамасының сақталуына қойылатын талаптардың бұзушылық дәрежесін айқындаумен анықталады.

9.3 Тәуекелдер бойынша талдаушы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне және біліктілік талаптарына сәйкес «ОҚМА» АҚ-ның білім беру қызметі барысында туындайтын тәуекелдерді болдырмау негізінде міндеттерді жүзеге асыру және қызметтерді орындау үшін академияның барлық құрылымдық бөлімдермен ұйымдастыру-ақпараттық байланыстар орнатады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тәуекелдер бойынша талдаушы		Е 499-2026
Тәуекелдер дәрежесін талдау ереже		2-ші басылым 12 беттің 11 беті

Өзірлеген:

Лауазымы	Аты – жөні
Тәуекелдер бойынша талдаушы	К.Н. Дауренбеков

Тексерген:

Лауазымы	Аты – жөні
Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	Г.Л. Елеусизова
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.Ә. Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А. Кабиштаев

Келісілген:

Лауазымы	Аты – жөні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	М.У. Анартаева
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Н.Е. Аукенов
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проектор	Е.Қ. Сәлім
Комплаенс офицер	Н.А. Пернебаев

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тәуекелдер бойынша талдаушы		Е 499-2026
Тәуекелдер дәрежесін талдау ереже		2-ші басылым 12 беттің 12 беті

А ҚОСЫМШАСЫ

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2026
жылғы 16 қаңтардағы № 18 бұйрығына сәйкес
«ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімдерінде жүргізілген
талдау жұмыстарының АКТІСІ

№	Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары	Растайтын құжаттары	Сәйкессіздіктер	Орындалу мерзімі

Құрылымдық бөлім басшысы:

Тәуекел бойынша талдаушы:

Мерзімі:

Ү 499-001-2026 талдау жұмыстарының актісі